

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖОО-дағы БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСТЕРІ КОНТЕКСТІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ
МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ О КОНТЕКСТЕ
ВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

Философия ғылымдарының кандидаты,
доцент А.И. ЛУҚПАНОВТЫҢ 80-жылдығына
арналған оқу-әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

учебно-методической конференци,
посвященной 80-летию кандидата философских наук,
доцента А.И. ЛУКПАНОВА

Алматы 2017

МАЗМҰНЫ

<i>Насимова Г.О.</i> У истоков политологии	3
<i>Ғабитов Т.Х.</i> Қазіргі Қазақстан мәдениетіндегі рухани жаңғыру мәселесі	5
<i>Молдабеков Ж.Ж.</i> ЕАЭО ауқымындағы қос дипломдық білім беруді дамыту мәселелері	10
<i>Дүйсенбеков Д.Д.</i> Искаженная ментальность экстремизма и терроризма в контексте психологических исследований	15
<i>Абдигалиева Г.К.</i> Духовно-нравственные приоритеты образования в условиях модернизации	20
<i>Мұсатаев С.Ш.</i> ЕАЭО ауқымындағы қос дипломдық білім беруді дамыту мәселелері	25
<i>Rakhimbekova B.</i> The role of socio-humanitarian disciplines in modernization of public consciousness	33
<i>Саитова Н.А.</i> Взаимосвязь политического образования и духовного воспитания в вузе	37
<i>Едильбаева С.Ж.</i> Постмодернистская философия образования	41
<i>Сағиқызы А.</i> Язык как фактор формирования гражданственности	47
<i>Лукпанов А.И.</i> Методология духовного возрождения нации в контексте модернизации общественного сознания.	54
<i>Мамырбекова Г.А.</i> Особенности развития творческой самостоятельности студентов	73
<i>Ким Л.М.</i> Духовная модернизация и языковая культура: аспекты взаимосвязи	82
<i>Мягшешева Г.Х.</i> Философия командного стиля работы	88
<i>Төлешова Ұ.Б., Токсанбаева Н.Б.</i> Педагогикалық қызметтегі аниматорлық іс әрекеттің мәні мен мазмұны	93
<i>Құдайбергенова Б.М., Бажықова К.Б., Дюсебаева М.А., Манкеева Н.Ж.</i> Органикалық синтезді технологиялық мамандықпен байланыстырып оқу мәселесі	96
<i>Сейсебаева Р.Б.</i> Инновационные технологии обучения в современной высшей школе	102
<i>Мухитденова А.Т.</i> Применение активных методов обучения в образовательном процессе вуза.	111
<i>Омарғазы Е.Е., Рақымбай Т.О.</i> Арнайы саяси пәндер бағдарламаларындағы қоғамдық сананы жаңғыртудың әдістемелік мәселелері	117
<i>Қантарбаева Ж.У.</i> Жастар тәрбиесіндегі рухани жаңғыру маныздылығы	124

<i>Альджанова Н.К., Мұқан Н.</i> Ұрпақаралық сабақтастық және ұлттық дәстүр.....	128
<i>Камалдинова А.А.</i> Образование как фундаментальный фактор успеха	134
<i>Садибеков Е.О., Рахимбеков К.Е.</i> Социальное партнерство как принцип мирного регулирования трудовых отношений (на примере некоторых групп рабочего класса в г.Алматы).....	137
<i>Жалғасбаева С.</i> Музыка терапиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру.....	148
<i>Көптілеуова Ж.</i> Оқушылардың этномәдени құндылықтарын қалыптастыру жолдары	152
<i>Нуралиева Ж. К.</i> Сабақта интерактивті оқыту әдістерін тиімді қолдану жолдары	158
<i>Құттымұратова К.</i> Педагогикалық рефлексия қалыптастыру жолдары	161

жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» [5]. Бүгінгі таңда ақпараттық толқынның алдыңғы қатарда жүруіне байланысты, әлеуметтік желілердің белсенді әрекеттерін ескеретін болсақ жастардың кез келген ақпаратты, өмірлік үлгіні ақпараттық желілерден іздейтіндері анық. Осы тұста ақпараттық желілердің жан-жақты жұмыс жасалып жатқаны белгілі. Әсіресе әлемдік бәсекелес мемлекеттер қатарына қосылу жолына бет алып отырған Қазақстан үшін өзекті мәселе ретінде өзіне деген ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Бір жағынан, “ұлы көштен” қалуға да болмайды, екінші жағынан, осы беталыста өзіндік қайталанбас дәстүрлік ерекшелігінді жоғалтып алмау міндеті қойылуы тиіс. Тіпті дәстүрлік дүниетанымды заманауи үрдістермен ұластыру абзал. Осы жолда бұқаралық сананы ұлттық мүдделерге бейімдеу арқылы жетуімізге болатындығын ұғынған жөн.

Қолданылған әдебиеттер

1. Кшибеков Д. Идея как исток творчества. – Алматы: Қарасай, 2009. – 160 с.
2. Нарматов С.З., Мұсатаев С.Ш. Қазақстандық жалпыұлттық идея: мәні, мақсаты, қалыптастыру технологиясы. – Астана 2002. – 112б.
3. Байтенова Н., Бейсенов Б. Қазақстандағы қазіргі діни жағдай / Егемен Қазақстан 2006ж. 23 тамыз (№ 199). 7б.
4. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. Алматы: Ғылым, 1996. – 168б.
5. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhanizhanhghvru>

ҰРПАҚАРАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР

Альджанова Н.К.,

PhD Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Мұқан Н.,

PhD Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Ұлттық мәдениет және дәстүр тек алдыңғы буын ұрпақтардың рухани тәжірибесін ғана сақтап қоймай, мәдени мұрадағы құндылықтарды жаңғыртады. Елдің мәңгілік болуы рухани құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа ұласып, буындар бірлігін

сақтаушы болатын сабақтастықта жатыр. Сондықтан ұлттық бірегейлікті сақтау мақсатында ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жүйелі жаңғырту жүзеге асырылуда. Ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын белсенді түрде меңгеру, ұлттық намыс пен жігерді, ұлттық рухты асқақтата түсу ұлттық генетикалық код негізін құрайтын мәдени құндылықтар мен ұлттық дәстүрдің, ұрпақаралық сабақтастықтың сақталу жолдарын негіздейді. Елбасы айтқандай «Дәстүр мен мәдениет ұлттың генетикалық коды. Қазақстандық мәдениет еліміздің барлық азаматтары үшін патриоттықтың өзегі болуы қажет» [1].

Мәдени мұра бағдарламасы халықтың үлкен мәдени мұрасын, оның ішінде заманауи ұлттық мәдениет, фольклор және салт-дәстүрлерін; ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру; ұлттық әдебиет пен жазбаның ғасырлар бойындағы тәжірибесін жалпылау; мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойлар, мәдениет және әдебиет жетістіктерінің үздіктері негізінде толымды қор жасауды зерттеу жүйесін құрды. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі дүние жүзі халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрінен көп ілгері болып келді, оның тұнып жатқан асыл маржандарын толықтай жинақтап қазіргі жастарға жеткізу жаһандық өркениет аясында ұлттық бірегейлікті сақтайды.

Әрбір ұлттық мәдениет өзінің дамуында руханият дүниесіне сүйенеді. Сол рухани інжу-маржандардың қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі күрделі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен жүйелі түрде бере білу өзекті сипатқа ие. Аталған істер жүзеге асырылған жағдайда ғана еліміздің Еуразия кеңістігіндегі өзіндік ерекшелігі бар халық ретіндегі мәртебесі өседі, басқа халықтар алдындағы құрметімізді асқақтата түседі.

Мәдени құндылықтар – барлық адамзат тарихының шығармашылық әрекетінің нәтижесі. Қазіргі адамзат мәдени құндылықтарды сақтау қажеттілігін мойындап отыр. Кез келген мемлекеттің мәдени мұрасын сақтау ЮНЕСКО конвенцияларымен, халықаралық құқық нормаларымен реттеледі, өйткені әр елдің

ұлттық игілігі әлемдік мұранын құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Біздің еліміздің мәдени мұрасы өте бай. Мәдениет тарихы – тек өзгеру үрдісі ғана емес, өткенді сақтап, мәдени құндылықтарды мұра ету үрдісі. Мәдени мұра – ұлттың рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік капиталы. Табиғи байлықтармен қатар бұл әлемдік қауымдастық мойындайтын ұлт қадірінің негізі болып табылады. Мәдени құндылықтардың жоғалуы қазіргі және болашақ ұрпақ өмірлерінің барлық салаларында әсері байқалады, рухани азғырып, тарихи жадының үзіліп, қоғамның кедейленуіне әкеледі. Бұл зардаптар қазіргі заманғы мәдениеттің дамуымен де, жаңа маңызды туындылармен де калпына келмейді. Мәдени құндылықтарды жинау және сақтау – өркениет дамуының негізі.

Ұлттық рухын, ар-намысын асқақ та бекем ұстайтын халық қана біртұтас ұлт болып ұйысып, баянды болашаққа жол алмақ. Үш ғасырлық бодандық пен жетпіс жылдан астам уақыт кеңестік саясат кезінде жоғалтқан есеміздің орнын толтырып, рухани мерейімізді қандырып, қазақы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, әдеп пен иман секілді тектілік қасиеттерімізді жаңғырта дамыту – бүгінгі күннің басты талабы, Мәңгілік Қазақ елі болуының алғышарты.

Қазақтың ұлттық идеяға негізделген төлтума мәдениетін калпына келтіру үшін, ең алдымен оның дүниетанымдық негізін қалап алу керек. Бұл туралы белгілі философ М.С. Орынбеков былайша ой түйіндейді: «Бүгінгі күні қазақтың өзіндік санасының ішкі логикасын табу өзекті мәселеге айналды. Ал, негізгі мәселелердің қойылуы мен оған деген танымдық жолдарды іздестірудің және сана мәселелерін шешудің алдын алар еді. Бұл ізденіс нақты өмірде Батыс пен Шығыстың, дәстүршілдік пен қазіргі заман ағымының, мұра мен жаңашылдықтардың, жан дүние мен ақылдың, дін мен өмірдің, сенім мен атеизмнің арасындағы қайшылықтардың аясында өтіп жатыр. Ал, таным саласында бұл мәселе сенім мен білімнің, ой мен қимылдың, руханилық пен ақыл-парасаттылықтың, даналық пен құдіреттіліктің, адамның діни еркімен өзіндік еркі арасындағы қайшылықтардан көрінеді» [2].

Мемлекет құруда тіл мен рухани тәрбие мәселесінің маңызы адамзаттың даму үрдісінде алатын орны ерекше екенін осыдан екі мың бес жүз жылдай бұрын өмір сүрген, әйгілі Дарий патша былай деп айтып кеткен: «Баянды мемлекет болу үшін халықтың бір тілде, бір дінде болуын қамтамасыз ету керек». Осы қағида

тарихтағы және қазіргі кездегі мықты мемлекеттердің тәжірибесімен өзінің өміршен заңдылық екенін көрсетіп отырғанына ешкім күмән келтіре алмайды. Ол үшін экономиканың, саясаттың, ғылымның, технологияның, білім беру мен рухани тәрбие жүйесінің, ақпарат кеңістігінің қазақ тілінде сөйлеуін бірінші кезекте іске асыру қажет.

Ұлттық дәстүрді тарихи қалыптасқан берік дәстүр ретінде қарау, ол: біріншіден, адамдардың, халықтың материалдық және рухани мәдениетіне тартылуына әсер етеді; екіншіден, халықтың тарихи танымын қалпына келтіреді, ұлттық психологияны дамытады, ұлттық дәстүр, өз Отаны мен халқына деген сүйіспеншілік пен құрметті күшейтеді. Ұлттың өзін-өзі тануына, жеке адамда өз халқының ерліктері арқылы ұлттық мақтаныш пайда болады [3, 17 б.]. Дегенмен, тарихи үрдістер барысында, әсіресе қазіргідей ғаламдану үрдісінің жедел қарқынмен дамып келе жатқан кезінде ұлттық дәстүрдің, тіпті ұлттық дәстүрге деген көзқарастың өзінің айтарлықтай трансформацияға ұшырауы мақсатымызға күмәнмен қарауға итермелейді. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған данғыл жол.

Ұлттық идея – талай ұрпақтың еңбегімен, қуаныш-қайғысымен сараланған рухани дүние. Бұл қайталанбас байлық өмірге ұлттық өзіндік тарихи болмысымен келген, сол себептен де ол ұлттық дүниетанымның айнасы. Көп этносты, көп конфессиялы Қазақстан қоғамы сияқты күрделі қоғамда идеяларға қойылатын басты талап, ол ел тұтастығын қамтамасыз ете алатын күшке ие болу қажеттілігі. Қоғамның барлық мүшелерінің жоғын жоқтап, бәрінің мүддесін бірдей қорғайтын идеялар мен көзқарастар ғана тұтастықты сақтауға көмектеседі. Көпэтносты Қазақстан жағдайында халықтың бірлігін сақтайтын, тәуелсіз мемлекет құру жолындағы олардың ерен еңбегін, қажымас жігерін тасытатын идеялардың бірі ретінде қазақ халқының рухани түлеу идеясының потенциалын пайдалануды ұсыну да осы талап-тілектен туған шаралар [4, 3-8 бб.].

Ұлттық мәдениет – бұл адамзаттың біркелкі дамуындағы заңдылықты денгейі. Әлемдік мәдениет – бұл, алдымен, ұлттық мәдениеттер жиынтығы. Ұлттық мәдениеттердің жалпы

адамзаттық идеалдарға ие ең жоғарғы жетістіктері және оларды бүкіл әлем мойындаған соң, ұлтаралық мәдениет құрамына енеді. Ұлттық мәдениеттер мәселелері, мән-мағыналары және құндылықтары, олардың өзара байланыстары қазіргі уақытта жаһандану кеңістігінде болып жатқан процестермен тығыз байланысты. Яғни, қазіргі кездегі өркениетті, ақпаратты, постиндустриалды деген қоғам осы кеңістік ықпалында өзгеріп отырады. Ежелден келе жатқан және жаңадан қалыптастасқан құндылықтарды қалыптастырудың өзі қазіргі кезде жаһандану илегінен өткізіп, қарастырмау сол құндылықтардың шынайы бағасын анықтауға талпынбаумен теңбе-тең.

Қазақ халқы рухани мәдениетінің даму динамикасы, қалыптасқан әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты, қайшылықты және күрделі процесс болып көрініс табады. Қазақстан тұрғындарының көп этникалық табиғаты, оның дамуының анық суреттемесін айқындауға мүмкіндік беретін, шектер мен өлшемдерді белгілеуде жүзеге асады. Қазақтардың рухани өмірі, қаншама ұлттық құндылықтар бүкіләлемдік, жалпыөркениеттік дерек, құбылыс маңыздылығына ие болғанда немесе бола алатындығында, соншама оқиғалығында және қоғамдық көркейтілуінде өзін көрсетеді. Оларды қайтадан жаңғырту тек қазақтар үшін ғана өзіндік құндылық емес, ол Қазақстанда өмір сүретін барлық ұлттар мен этникалық топтардың рухани өзін білдіруінің алғышарты мен жағдайы, қазақстандық ұлт институционализациясының жүйе құрастырушы факторы болып табылады.

Әр ұлттық мәдениеттің өзінің жемістері болады: рухани ізденістер, қайғы-қасіреттер, өмірді көрудің, оны түйсінуді. Мәдениеттің дамуы әлеуметтік қарама-қайшылықтар, прогрессивті дәстүрлердің артта қалған және консервативті жағдайлармен күресі негізінде болады. Қазіргі уақытта әр халықтың болашағы ұлттық мәдениетпен байланысты болуы керек, өйткені ұлттық мәдениет абыройлы өмірдің және жалпы әлемдік мәдениетпен байланыста болудың басты кепілі болып табылады. Әрбір ұлттық мәдениет бүкіл адамзатқа тиесілі, сондықтан ол бүкіл әлем алдында өз-өзін жүзеге асыруы тиіс. Әр ұлт мәдениетті қайталанбас, таңғажайып, рухани және материалды дүниелерге толы, бұл адамзатты таң қалдыратын табиғаттың тамаша туындыларының бірі – кемпіркосақ тәріздес. Егер сол ұлттық мәдениеттердің

бірі жойылса, онда сол кемпірқосақтың бір бояуының жоғалғаны деген сөз.

Біздің еліміз – қазақтың көсемі халықтық мұраттың көксеген биігіне емін-еркін көтеріле алатын майталман болса екен деп тілейді. Ел мұраты жолындағы сол ұғым, сол мақсат билік жолындағы күрестің құрбандығына шалынып кетпесе болар еді деп уайымдайды. Сол бабаларымыздың көксеген армандары қазір орындалып отырғанына тәуба дейміз. Сонымен қазақ елінің қазақ болып, біртұтас елге айналуында, өркендеуінде айтулы хан сұлтандарымыз, батырларымыз бен бірге көсем билеріміздің де айрықша үлес қосқанын айту егемен елдікке қолымыздың жетуі арқасында ғана мүмкін болып отыр. Біз темір қоршау, жабық қаранғы түрме салмаған халықпыз. Бұл көріністер турасын айтқанда элемге әйгілеп, ту етіп көтеруге тұратын қоғамдық адамдық мәдениетінің ең жоғарғы шегі десек қателеспейміз. Қазақ деген халықтың адам баласына деген ғибратты ойынан туындаған философиялық тұрғыда зерделенген, ақылшы билеріміздің өте жоғары мәдениетпен сусындаған асыл қазына болып есептелетін өсиеттерінің жоғары деңгейі мойындалуда.

Қоғамдағы әрбір азамат пен әрбір таптың көкейінен шығатын ортақ «ұлттық идеяны» айқындау, дайын үлгісін ұсыну әлеуметтік, саяси, экономикалық және рухани факторларды біріктіретін күрделі міндеттер қатарында. Қазақ елінде ұлттық идеяның мазмұны мен көрнекілік ұғымы карапайым да ұғынықты болуы керек. Ұлттық идеяны айқындаушы факторларға қойылар басты талап оның өміршеңдігінде болып қалмақ.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Қазақстанның ел бірлігі Доктринасы // Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайты <http://www.mk.gov.kz/kaz/doctrina> 10.11.2014 ж.
- 2 Қасабек А.Қ. Өркениет және ұлттық философия // О философской школе Казахстана. – Алматы, 1999. – №3. – 5-6 бб.
- 3 Менлибаев К.Н. Роль национальных традиции в патриотическом воспитании: Автореф. ... канд. филос. наук. – Алматы, 1995. – 29 с.
- 4 Мәдени мұра: Қазақтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жанғырту жолдары // Қошқар ата конференциясының материалдары. – 2005. – 26-27 мамыр.